A hand is shown in silhouette, holding a bright, glowing sun. Below the hand, a stream of golden dust or particles falls, creating a shimmering path. The background is a warm, golden-yellow color, suggesting a sunset or sunrise.

Жәлел
ҚУАНДЫҚҰЛЫ

ҚҰМДАУЫТ

Жәлел Қуандықұлы

ҚҰМДАУЫТ

ЖӘЛЕЛ
ҚҰАНДЫҚҰЛЫ

Қы.м.дауыт

Қарағанды
«Тенгри» баспасы
2016

Тұңғыш жыр кітабымның жарық көруіне демеушілік еткен атымтай азамат Сапар Ипкеев және дәнекер болған Айтбай Жұмағұлов ағаларыма алғысым шексіз.

Өзіндік үнімен, табиғи болмысымен ерекшеленетін талантты жас ақын Жәлел Қуандықұлының алғашқы кітабына әр түрлі тақырыптағы өлеңдері топтастырылып отыр. Өлеңдеріндегі азаматтық үні, туған топырағына деген сыршыл сағынышы, махаббат сезімімен қатар өрілген астарлы өмір шындығы талғампаз оқырманға ой саларына сенім кәміл.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Алғашқы кітабымды мархұм әкем
Қуандық Шалқарұлы мен анам
Зибағұл Сәдетқызының рухына
Бағыштадым.



Жәлел Қуандықұлы деген азаматтың алты өлеңі менің қолыма кездейсоқ түсе қалды. Шынымды айтайын, ондай Ақынның барын білмей келген екем. «Ондай Ақын» деп отырғаным, Жәлел азаматымыз шынында да Ақын болып шықты. Онысын мен оның алты өлеңін бір деммен оқып шыққанда, бірден аңғардым. Маған әсіресе, «Көсеу» деген өлеңі қатты ұнады. Тіпті, «Көсеу» деген тақырыбына дейін. Мәнісіне үңілейік.

Көсеу. Кәдімгі көсеу. Шоқ көсейсің, «Біреудің қолымен от көсейсің»... Былай қарасаң, оның несі өлең? Яғни, көсеу жайындағы Ойларыңның көркем де көсем өлеңге айналуы мүмкін емес! Солай ма? Жоқ, олай емес екен! Жәлелдің «Көсеу»-ін оқып отырып, мен өз Ойымнан өзім ұялып қалдым. Әне, таланттың тамашалығы, тапқырлығы! Енді, содан бір-екі мысал.

Қараша ауыл.

Қара ошақта, зорыға,

Анам жүрді, қос білегін түрініп.

Сексеуілдің қыжынаған шоғына,

Отырушы ем жылынып.

Қыжынаған шоқ! Оны ауылдың кез келген адамы біледі. Бірақ, сол шоқтың «қыжынаған» образын білмейді. Ал, «қыжынаған» деген сөзді естігенде, Күн көзіндегі қызыл-жасыл алапат тұтанымдар көзге елестейді! Ғажап па? Ғажап! Ең бастысы, Ақын шоқтың аса бір жұмбақтана жайнаған керім сәтін дәл бейнелеу үшін, «қыжынаған» деген сөзді өзі ойлап тауып отыр!..

4 Армандасаң, дәл осында арманда,

Сарын қосып алабұртқан сарынға.

Анам отты көсеп-көсеп қалғанда,

Жарықтық шоқ ұласатын жалынға.

Осы жолдардағы «алабұртпа сарынға сарын қосып

армандау» ше? Иә, ауыл адамдары от басында солайша армандайды. Бірақ, «алабұртпа сарынға сарын қосып» армандап отырғандарын өздері аңғармайды да.

Жұмбақтанып таң-ғажайып атырап...

Көп білуге құмар едім Тегімнен.

Қара көсеу құдіретін бақылап,

Таң қалатын едім мен.

Содан бері өтті талай мұнар-жыл.

Көсеу сыры кетпей қойды санамнан.

Өмір мені сан қиянда сынап жүр.

Бәрі - арман.

Иә, Анасы білек түріне көсеп-көсеп жіберер қыжынаған шоқтың алаулы жалынға айналғанына таңырқаған бала-көңілдің де «қыжынаған өз шоқтары» бар еді. Көңілінің сондағы құпиядай «қыжынақ шоқтарын көсеу-уақыт көсеген сайын», баланың да Ес қуаты ересен жалындап, Ақынға тән Парасат Отына айнала бастайды! Жоғарыдағы екі шумақтан сондай сұрапыл сурет көрініс береді.

Кендік маған қанмен келген сый екен.

Адамдығым Анам сүтін өтеуде.

Бір ұққаным — ауыл жетпей жүр екен

Шоқ кеудемді көсеуге...

Туған Жер мен Туған Шешесін, туған Ауылы мен шоғы тылсым қыжынаған туған Ошағын аңсайтын әр қазақтың санасында сағымдана жайқалған Сағыныш табиғатын Жәлел Ақын осылай әсем бейнелеп береді!

Қош. Енді бізге не қалды? Бізге — Жәлел Қуандықұлы деген Ақынға ағалық ақ бата беру ғана қалды! Өлең әлеміне енген Жәлелге Тәңірім өзі жар болсын!

Тыныштықбек ӘБДІКӘКІМҰЛЫ,
Ақын, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі

I БӨЛІМ



МЕН...

Мен білмеймін, кім дейтінін мендейді,
Менің мұным көп жараны емдейді.
Адамдардың жамандығын көрсем де,
Жақсылықтан үміт үзгім келмейді.

Аспан маған шуақ-нұрын төгеді,
Ал Жер-Анам табанымды өбеді...
Өзге ғалам маған қабақ түйсе де,
Мен бәріне құшақ жайғым келеді.

Досым-дағы, дұшпаным да жоқ менің,
Қыс тоңдырса, жылытады Көктемім.
Арысам да, азған жоқпын Арымнан,
Көктесем мен пейіліммен көктедім.

Қаламыма қайғы оралып сұм ерең,
Қаншама рет түйсігіме түнеген...
Парағыма төгіледі еріксіз,
Маңдайыма Тағдыр жазған тірі өлең.

Белестерге бастап барад(ы) нұр таңым,
Керуен көште, Құлагерше жортамын.
Соқпағымнан жаңылмасым белгілі,
Жүрегімді кірлетуден қорқамын...

Мен білмеймін, кім дейтінін мендейді.
Менің мұным көп жараны емдейді...

ПОЭЗИЯ

Өмірдің сансыз құбылыстарынан,
Тағдырдың тәлкек бұрылыстарынан,
Көңілдің бекзат, гүл-ырыс бағынан
Сені көремін!

Сезімнің терең теңіздерімен,
Достардың ыстық лебіздерімен,
Қимас сәттермен ең ізгі деген
Мені демедің.

Ғашық жүректер дүрсілдерін де,
Тілсіз түндердің күрсінгенін де,
Жұмбақ ғаламның тылсым демін де
Сенсіз сезбес ем.

Уақытпен солай жарысамын да,
Тағатты әбден тауысамын да,
Өзіңмен қайта қауышамын да,
Үнсіз тілдесем.

Мен, солай күн кешем...



КӨШІРМЕ ЖАСАУШЫ КЕЛІНШЕК

Жанымды жаралап жыр ұшқын,
Ауырлап жүргенде тыныс тым.
Осы жан байқатты тым берік,
Боларын төзім құрыштың.

Жайсаң-ды мінезі, қылығы,
Елге асқан мейірі, жұғымы.
Көрсетті ала алмас екенін,
Күштіні тағдырдың құрығы.

Құйындар қақ та соқ өтпелі,
Қысқанда қапталдан өкпені.
Ұқтырды құлатпақ емесін,
Өмірдің тербелген өткелі.

Көктемгі ызғарда нұр сіңіп,
Жаярын жапырақ бір шыбық.
Сәттікпен тоқтамай ұлы көш,
Сәттікпен бітпесін тіршілік.

...Бір мезет уайымға берілсек,
Шерліміз сүрінсек, жеңілсек...
Түпнұсқа қалпыңды сақтай гөр,
Көшірме жасаушы келіншек.

АРҚАДАН КЕТЕРДЕ

Шабытын сыйлап дархан да сайын
шартарап,
Құшағын қимай жүрегім жараланды да.
Алматы, саған келемін арымды
арқалап,
Тамыры қалды жырымның
Қарағандыда.

Мен ұшқан ұя, мен жүрген
көшенің бәрі,
Іздей ме бір күн ұлының
арда жырларын?
Уақытты қойшы, алады есесін әлі,
Жазылар ма екен жанымда
жатқан ызғар үн?

Қимасым қолын бұлғайды
артымда қалып,
Сендердей мынау жалғаннан
дос табар ма екем?
Тағдырым мені осылай әр сынға салып,
«Қырық жетілер» қаңырап
бос қалар ма екен?

Түндерім қайта келер ме,
Жұлдызын санап,
Жарты да болса көрінген айын бағалар?
Айқара құшақ ашатын қара шаңырақ,
Аяз құша ма азынап аялдамалар?

Елөнер бір күн, ескерер, санасар қоғам,
Шырылдай келіп шайыры
бас ұрған тұғыр.
Қорқыттың өзі тағдырмен
таласа алмаған,
Мен үшін бақыт –
Жазуға жазылған ғұмыр.



Қара басын қамшылап,
Таба алмаған жан шуақ,
Болмысы оның қансырап,
Жақыным кетіп барады.

Кеуде тұсын өр шіреп,
Ойы да жоқ тершімек,
Ырысымды еншілеп,
Жатым кетіп барады.

Жал болса да жатары,
Әйтеуір, бар Отаны,
Жұрты үшін қапалы,
Ақын кетіп барады.

Боямасыз сезімде,
Ашылмаған көзінде,
Уақыттың тезінде,
Ақым кетіп барады.



ҚОЖАҒЫН

О, Галина, төге бер қатеріңді,
Бір күн шыда, босатам пәтеріңді.
Далам – менің баспанам ұлан-байтақ,
Халқы сыртқа теппес-ті әкелі ұлды.

Басқа жан тап ақшалы, бағы басым,
Ақындардың білесің жарымасын.
Сен тәттіге балаған мына өмірдің
Шешіп қойғам «өлең» деп мағынасын.

Ақындардың қашан да десі нұрлы,
Айт, айтып қал, айта алсаң кесіміңді.
«Таспен ұрса, аспен ұр» дегендейін,
Телімекпін тарихқа есіміңді.

Түсін, қалқам, жыр дейтін дұға сырын,
Өркім қорғап қалмақшы өз асылын.
Бұл пәтердің иесі сен шығарсың,
Ал мен осы даланың қожасымын...



«Сен баланың көзіңде мұң бар екен...»

Әмірхан БАЛҚЫБЕК

Көзімнен менің мұң көріп едің,
Ең алғаш кездескенімде.
Тағдырды арқаңа өңгеріп едің,
Өмірден сен де өткенің бе?

Мөлдірін жырдың астарлап ұғар,
Дес бермей-тұғын арын ең.
Мұң атаулыны тас-талқан қылар,
Айтылмай кетті тағы нең?!

Асылдар артық күн кешпес дейді,
Тектілер сүрген ғұмырдан.
Сенімім мені дірдектетпейді,
Тайынбан әр кез тұғырдан...

Көрсетпен енді мұңымды ешкімге,
Қағазға ғана төгемін.
Кісінеп тұрған құлын бес күнде,
Өзіңдей әр боп өлемін.

14 Сағыныш жанды тербейді бекем,
Бағалау қиын барды аса.
Өлеңің сенің өлмейді, көке,
Тіршілік тоқтап қалмаса...

Кейбіреудің түсіне де кірмеген,
Әлдекімнің кеудесінде бүрлеген.

Үмітсіздер үзіп қойған күдерін,
Күдіксіздер содан күткен жігерін.

Енді бізге қонбайды деп ұшқын бақ,
Пысықтары ғайбаттаған сыпсындап.

Көкірегі сағынышқа лық толып,
Зымыраған уақытқа жүк болып.

Алуан түсті гүлге бөлеп жан-жағын,
Дүниенің бұзып-жарып бар заңын.

Өр де емес, өктем де емес, жарқылдап,
Хақ бұйыртқан сол табиғи қалпында.

Сымбатына сәуле шашып күш нендей,
Мынау әлем келер күнін күткендей.

Көпке бірдей тарататын ұдайы құт,
Ырғағында ақиқат бар құдайлық.

Елес емес, жырға айналып өткен күн,
Мезгілінен кештеу келген көктеммін.

Жарык дүние!

От құшағың «жанымды ал, ұқ» дей ме?
Шапағыңа құлшынып сүйсінбейді-ау,
Көлеңкеге құмартқан халық кейде.

Жұмбақ ғалам!

Жүрегімді өлеңге құндақтаған.
Бүгін мені тербеген тылсымыңды,
Ертеңіме өзіммен бірге ап барам.

Жалған өмір!

Тола қоймас қашан да барға көңіл.
Ақындары күн кешіп пенделерше,
Пенделерге ақындық – арман-өмір.

Ақын – әлем!

Буырқанып кеудемде жатыр әрең.
Адамзаттың шер-мұңын кешіп келед(і),
Үндесе алмай жасанды сахнамен...



Сағынтпай-ақ келген едім қасына,
Баяғыдай қарсы алмадың тасына.

Құшағыңа ұмтыла алмай құныға,
Өкініш пен шер құйылды мұңыма.

Үзер жерде үзе алмай қап шідерді,
Арамызды алшақтатып жіберді.

Еміс-еміс елес болып көркің нұр,
Түйсігімнің терезесін түртіп жүр.

Қалам байғұс қаңтарылып кермеде,
Ауыздықпен алысуда шерлене...

Тағдырымды кім ұғады сор сіңген,
Деп өмірден баз кешпек те болдым мен.

Маған өзге қалмағандай сынағы,
Арлан өмір аяғымнан жұлады.

Бірақ, бірақ мен сен үшін тірімін,
Өр кеудемнің саған берем тұнығын.

Кірпіктерін тәтті мұңға малып ап,
Музам менің бір ажалдан жаны қап.

Жатсам-тұрсам өзіңді ойлай беремін,
Дер кезінде жаза алмаған өлеңім.

47-АВТОБУС

47-автобус

Алға жылжиды,
Айналып өтіп
Жыртық-жамау қияқты.
Жолы да құрығыр,
47 жыл
Тозығы жетіп,
Өңдеу көрмеген сияқты.

Жүргізуші ағай
Қара көйлекті,
47 жастар шамасы.
Бетіндегі
Әжімі сөйлеп тұр,
Өткен күндердің наласын.

47 адамын
Мінгізіп алып,
Шаңға оранып келеді.
Ескі шахталар
Арқада қалып,
Түпсіз ойларға көмеді.

Сол 47-мен
Мен де келемін,
Тамұқпен тылсым табысып.
Қаз-қатар жырды
Тірілте беремін,
Ойларымменен алысып.

47-автобус

Алға жылжиды,

Айналып өтіп

Жыртық-жамау қияқты.

Жолы да құрығыр,

Ойық та кетік,

Менің тағдырым сияқты.



МЕН...

Шырқалумен жанымның сор әндері,
«Мен» дегізбей келеді сол ән мені.
«Мен» дей алмай келемін арпалысып
Сонан бері.

Жүйткігенде жеткізбей түлкі-жалған,
Пәрменімнің кетердей кілті қолдан,
«Мен» дегенім мен емес, әуел бастан
Түркі болған!

Күлімдемей көз тартып кең, керім күн,
«Мен» демесем, сол сірә, өлгенім шын..
«Мен» дегенім Жалаңтөс баһадүрдей
Ерлерім мың.

Жанына желеу болған байсалды өмір,
Олар жайлы әңгіме айтам небір.
«Мен» дегенім мен емес, даламдайын
Жайсаң көңіл.

Арбай алмас арымды қу күндерім,
Соны ойласам, шапшиды у дүрмегім.
Бабамның аманатын сақтап тұрған –
Рухым менің.

Елдігімнің еңсесі бек те батыл,
Әр сөзі сертке татыр.
«Мен» дегенім ол менің қанымдағы
Текте жатыр.

Барымның шырқау шегі – аза, кегі,
Енді ғана құрғаған жаза тері.
«Мен» дегенім мен емес,
«Мен» дегізген –
Қазақ еді.



САУФА

Жылдарым жырақта қалған,
Мұңдарым сынаққа салған,
Кешіндер күнәмді менің,
Табыстап қуатты арман!

Күндерім күлкімен өткен,
Түндерім ұйқыда кеткен,
Кешіндер күнәмді менің,
Сыр шертіп сан құдіреттен.

Сәттерім сезім лаулаған,
Тәтті ерін төзімді арбаған,
Кешіндер күнәмді менің,
Басқа емес, өзін алдаған...

Сағаттар қияға өрлеген,
Парақтар сия көрмеген,
Кешіндер күнәмді менің,
Аймалап аялы үнменен.

Көңілдер күбір үзбеген,
Өмірлер жылу іздеген,
Кешіндер күнәмді менің,
Ұлың ем аппақ әлемге
Қарайтын нұрлы көзбенен...

СОҢҒЫ

Қарбаласта түгеспес дамыл легі,
Соңғы вагон, соңғы орын бағым ба еді?
Дәтке қуат шақырған көңілімнің,
«Соңғы сапар» болмасын... бар тілегі.

Соңғы қармен қоштасып мұңды сүйреп,
Соңғы ақшаға алынған соңғы билет.
Жыр ғұмыр – бұл есеппен өлшенбейтін,
Гүл көктемі келетін тонды түйреп.

Соңғы бағыт...
Ақырғы...
Соңғы нүкте,
Күдік шіркін бастамас оңды үмітке.
Сандалмада торықса жердің үсті,
Соқыр қоғам маталған соңғы жіпке...

Жүрген кезде мазадан еңсем жүдеп,
Таң күлімдеп қол бұлғар «келсеңші» деп.
Музам маған шабыттан қанат байлап,
Жыр жазардай желпінем ең соңғы рет...



Қара түн.
Ойлар қақпалап,
Қолымда – қалам, пәк парақ.
Көктемнің қақтым есігін,
Қиялға еріп ақ қанат.

Өрнегін салса миға ағын,
Өшіруге де қимадым.
Сеземін сергелдендердің,
Түбінде тылсым күй барын.

Көңілдің қатпарларымен,
Гүл іздеп талай барып ем.
Қауышайықшы қайтадан,
Сезімнің жасыл бағымен.

Жасырмай іңкәрлігімді,
Түнекке шақтым мұңымды.
Шабытым шырақ ұсынып,
Татқым келеді шырынды.

Себелеп соқыр жаңбырың,
Ашыпты аспан сандығын.

24 Асыға көктем күткенде,
Тез атса екен таң бүгін.

Көңілімді қоршап ап тайғанақ мұң,
Күйбең тірлік...
Басқаны ойламақ кім?
Ғашығымның өкпесі жүректі өртеп,
Құстардың да қайтқанын байқамаппын.

Тағдырыма налыдым,
Жыламадым...
Жаттан мейір жалынып сұрамадым.
Сүйгенімнің бейнесі жан-арымда,
Байқамаппын жапырақ құлағанын.

Қыран құстар сынамақ құзда бағын,
Аужайына сыймадым тұз даланың.
Сыңғыр-сыңғыр күлгенің құлағымда,
Жүрегімнің сезбеппін сыздағанын.

Шала сенім, шала ес, жасық үміт,
Бет қаратпай барады тасыры нық.
Өкініштер өзекке көш боп құлап,
Өмір өтіп барады жасырынып...



ТЫЛСЫМ

Сен мені көктен іздеме,
Мен Жерде ғұмыр кешемін.
Бүр жарып көктем, күзде де,
Жыр гүлің болып өсемін.

Сен мені жатқа балама,
Бауырың әрі досыңмын.
Ем болу үшін жараңа,
Ұлы көшіңе қосылдым.

Сен мені көрме аяп та,
Аяныш болмас дем маған.
Теңеме тағы саяққа,
Көнбейді жүрек енді оған.

Сен мені тербе күйіңмен,
Тағайын саған неге мін?
Тағдырым соғып бүйірден,
Күресуменен келемін.

P.S.: Сен мені көктен іздеме,
Мен Жерде ғұмыр кешемін.
Жұлқынып көктем, күзде де,
Жыр лебің болып есемін.

ДОСҚА

*Сен бастығыңды айттың,
Жағынып жалпаңдай-тұғын.*

Өмірзақ ҚОЖАМҰРАТОВ

Сен әу баста тағдырға батыл едің,
Ал мен болсам, жай ғана ақын едім.

Сенің оңай әрі жеңіл жол еді арманың,
Менің ауыр әрі адал жол еді таңдауым.

Мен сені садық досым деп санағам,
Сол сенімді ақтай ала ма бар адам?

Сен болмашы нәрсеге терлеп бердің,
Ал мен арыстай ағамды жерлеп келдім.

Сен өмірде талтаң басуға еліктің,
Мен өмірге өлең жазуға келіппін.

Салқынжан мизам басы екен күздің,
Айырмашылығымыз осы екен біздің.

Амал мен адал санаспай бекем,
Ешқашан жанаспайды екен.

АЛМАТЫ

Жеті өзен – тұнған тарих, арнасы – жыр,
Алатау – арынды елге арда тұғыр.
Көгершіні іспеттес жүрегімнің,
Ұшақтары тынбайтын Алматы – бұл!

Көріге қуат сыйлап, жасқа сабыр,
Көрігі – көрер жанға әфсана бір.
Мұқаңның мұңы сіңіп көшесіне,
Тербеген Төлегенін бас қала – бұл!

Өзге заман көргенім, басқа дәуір,
(Тарихаттың шындығы тастан ауыр).
Арсыздардың зарынан заһар жұтып,
Пәктігінен айырылған жас қала – бұл!

Ішіне қатар қонып бақ, нала бір,
Қашан да майдандасқан ақ-қара кіл.
Қайратын қайта беріп қара жерге,
Жоқтаған Заманбегін тас қала – бұл!

Ежелден ерсі болмай баспана-жыр,
Жай отының жарқылы – һаққа жәбір.
Жұматайын жылатып жас балаша,
Қасымдарын қаңғытқан астана – бұл!
Жасындарын қаңғытқан астана – бұл!

Асау ойлар босап кетіп көгеннен,
Мына әлемге сыймай әлі келем мен.
Менің жазу үстелімді жағалап,
Ұлым мені қызғанады өлеңнен.

Мен отырам қабағымды нұр шылап,
Балам болса бір кіреді, бір шығад(ы).
Қаламымды бақылайды таңырқап,
Қойғысы кеп бір сұрақ...

Қылықтары алпамсадай алып қып,
Ұлым менің неткен батыр, жарықтық...
Махамбетті жатқа соғып отырып,
Ұйықтап кетед(і) талықсып.

Ал, сұрағын қоймай жатып түсінгем,
Балалық-ай сондай жұмбақ пішін бе ең?!
Сұрағына жауап жазып отырам,
Күбір-күбір ішімнен.

Қабағыма ұя салған жасымнан,
Адырна бұлт, өлең нөсер асынған.
Парағыма төпеп-тепеп тынады,
Оған дейін басылман.

Қанша жылдам зуласаң да бөкен күн,
Сырға толы суретіңнен от емдім.
«Отаным» – деп ұрандап жүр біреулер,
Ал мен кейде өз ұяма бөтенмін...

Ұйқысынан оянып ап, арайлы,
Шолып шығып, шаттық толы маңайды.
Қабағымнан маңып бара жататын,
Сол бұлттарға ұзақ-ұзақ қарайды...



ЖАРЛЫҚ

Қара жердің кеудесі –
Тау біткеннің сәлдесі.
Су мен ауа, жарық та,
Мынау шеңбер қалып та.
Сонау шексіз аспан да,
Аспан жайлы дастан да,
Бақыттың да бақшасы,
Сезімнің де патшасы,
Ғылым, білім – кен терең,
Кешірімдер ең ерөн,
Күн мен түннің алқымы –
Ай, жұлдыздың жарқылы.
Ақ пен қара жарысы –
Сана-сезім қағысы.
Күллі кәусар бұлақ та,
Сансыз бітпес сынақ та.
Артық туған, ей, пенде,
Барлығы да – сәндерге!



АҚЫН

Тәуелсіз ек, заман жаңа,
Жетілгенмін ес кіріп.
Мұқаң жайлы бағдарлама
Жүріп жатты кешкілік.

Зиялылар жиылып ап,
Қызу пікір таласты.
Бірі оған сыйынып-ақ,
Бірі кері дау ашты.

«Ішкіш қой – ол!» Бірі айтады:
«Аз-кем өмір сүрген жоқ.
Он бір жинақ – шын айғағы», –
Дейді бәрін білген боп.

Міне, осылай Ұлт ажары
Таланды әрі талданды.
Жүргізуші жұрт назарын
Экранға аударды.

«Мұқағали кім? Кім біледі?»
Сұрақ қойды, дені нық.
Басын шайқап кейбіреуі:
«Ақын!» – деді керіліп.

Осы бір сәт көшедегі
Мойын бұрып жас бала:
«Сазгер ғой – ол, сазгер, – деді, –
Жүрсе-дағы аш бола».

Бәрі оны келеке ғып,
Сыни көзбен қарады.
Талас бітіп мерекелік,
Жұрт үйіне тарады.

Бір-біріне дес бермеді,
Айтып кетті үкімін.
Бірақ ешкім ескермеді,
Әлгі бала пікірін.

«Сазгер», – дейсің даралана,
Көңілді әуен қолдаса.
Ақын ақын бола ала ма,
Күй кеудесі болмаса?

Жылайтындар, түнеріндер,
Күлетіндер шын күлсін.
Ақындардың жүрегінде
Ырғақ барын кім білсін?
Әуен барын кім білсін?

ЖИЫРМА БЕС

Бір сәт те қайтпай шегініп,
Түстім сан қатал егеске.
Бұл күнде келдім тебініп,
Жиырма бес дейтін белеске.

Отқа да талай күйдім де,
Тоңдым да талай дірілдеп.
Өмірді шексіз сүйдім бе,
Ойландым неге бүгін көп?

Осылай жүріп жазбаппын,
Жырды да нағыз...

Керек пе?

Таланып қала жаздаппын
«Тағдыр» дейтұғын төбетке...



ҚАС-ҚАБАҚ

Толғанып тағы жатырмын,
Жер менен көкке қарашы.
Осы бір алаң – ақынның
Қас-қабағының арасы.

Ерлердің күнін қор демен,
Епшілдің мынау заманы.
Түрлі-түсті әлем, ол деген –
Арудың қасы, қабағы.

Менің де жаным ортайған,
Оның да солғын жанары.
Тағдырдың соры маңдайдан
Қабаққа сырғып барады.

Жүрегім, жылай көрмеші,
Тау көңілімді жауыр ғып.
Қара өлеңімнің пернесі –
Тамырымдағы тәуірлік,
Қабағымдағы ауырлық.

Далам бар иен ғаламдай,
Сол қалпы мен де өтермін.
Өмірден опа таба алмай,
Өлең боп елге жетермін.

Не дейді мынау жарқын күн,
Қай жолға бізді бастайды ол?
Тырысып жүрген әркімнің
Қас-қабағынан сақтай гөр...



ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАБАТ

Іздемеп ем тоғызыншы қабатты,
Көтеріліп-түсіп жүрмін, тым биік.
Сол биікте тағы да бір таң атты,
Парағымның бос тұрғаны – шын күйік.

Түсіне алман биіктікті өзгеше,
О, Жаратқан, сабырыма тіреу бер!
Кейбіреулер биік мансап көздесе,
«Байлық» дейді биіктікті біреулер.

Ондай биік армандаған емеспін,
Бұл сырымды Ием ғана біледі.
Қиянменен қиялымда кеңестім,
Өйткені ойым биікте өмір сүреді.

Жаным менің – сол биіктік тұғыры,
Төмендеуге хақым да жоқ себебі.
Өлеңімнің ұзақ болса ғұмыры –
Өмірімнің босқа өтпеді дегені.

Шайыр отыр қарай алмай шарапқа,
Күлтөбеде күнде болып кіл кеңес.
Тұрсаң-дағы тоқсаныншы қабатта,
Арың биік болмаса егер, түк емес...

ЖАРЫҚ

Көктен жерге телміреді көп жарық,
Кеудем тұсын кернейді арман от қарып.
Тереземнен есеп сұрап тұрады,
Қап-қара түн оқталып.

Көптен бері аспан да үнсіз, мен де үнсіз,
Ол жаңбырсыз түнереді, мен жырсыз.
Жапырағын қар астына жасырып,
Кеудемізге көшіп алған теңбіл күз.

Ұлпа бұлттар жинамаса етегін,
Түндер, түндер – ойларымның мекені.
Қараңғылық мені әлемнен жасырса,
Қауыштырар тек қиялдар жетегі.

Көктен жерге телміреді мол жарық,
Ай-аруым көз тартады топ жарып.
Арасынан өлең жұлып аламын,
Жүректерге олжа ғып.

Адастырмас алтын сабыр көбеммен,
Сенім – семсер, сүрінсем де бөгелмен.
Көп жарықтың арасында көз тартып,
Ең жарығы болып сәуле төгем мен!

СЫЙЛЫҚ

Мен ешкімге сыйлық берген емеспін,
Жанарыңда жәудірейді елес күн.
Сыйлық деген, ол – мен үшін сыйласу,
Сыйлағанның құлы болып тел өстім.

Мөлдіреген ойға толы, бай санам,
Сыйлық жайлы өлместей сөз айта алам.
Алла маған өмір берді сыйлыққа,
Қарымжысын өлең қылып қайтарам.

Мінсіз жырды тұсамадым, құйғыттым.
Ұққың келсе, кеудемдегі күйді ұққын.
Мына өмірден сыйлық күтер жандарға
Менің өзім сыйлықпын.



Өрт ғасыр тұрса бұрқанып алдан,
Сәттерді қалай қырқады жалған.
Автобуска бір қария мінді,
Мамыр айында қымтанып алған.

Кеуденің кірбің нұрын жабады,
Қоңторғай жаны діріл қағады.
Көңілін бір сәт ауламақ болғам,
Кінәздау ғана қырын қарады.

Бір салмақ жатты күйінде күз боп,
Тағдыры қалай түйінді үзбек?
Тағатым бітіп сұрадым: «Ата,
Неліктен қалың киіндіңіз», – деп.

«Тапқан екенсің жұмбақты, балам,
Болмысым не деп үн қатты саған?»
Күрсініп алып: «Қарттық қой», – деді,
Қалғанын санам аңдатты маған.

Сұрағы барға сұқтана кетем,
Неліктен ата құптамады екен?
Жастықтың отын кешіп жүрсем де,
Қарттықтың мәнін ұқпаған екем.

Көре алмай жатсақ сендерді бірден,
Қанат бер далам кең белдеуіңмен.
Қартайтсаң, қартайт тәнімді мейлі,
Суыта көрме кеудемді мүлдем.

ҰҚСАСТЫҚ

Бір-біріне өзара жарысты ымдап,
Асығады төменге қар ұшқындап.
Бұл доданың мәресі – Жердің беті,
Сонда ғана шабыс тынбақ.

Жетті. Тынды. Қара жер ағаруда,
Бекігендей бейне бір жаңаруға.
Қап-қара түс тек қана Жерде ме екен,
Ғарыш жақта өңкей үр ақ ару ма?

Шығыс нұры тербетіп, санамда ырғақ,
Таң бозарып келеді жаңа ән шырқап.
Ей, аппақ қар, сен мені кінәлама,
Тәнім сенің астыңда қалар бір шақ.

Сен де Жерден кетіп ең, Жерге келдің,
Шар секілді дамылсыз дөңгелер күн.
Жаңбыр едің о баста, қарға айналдың,
Мен нұр болып Күнге өнермін.

Екшегенде өмірдің ақ-қарасын,
Бәрінен баз кешпекке шақ қаласың.
Мен сап-сары сағыныш боп қаламын,
Сен пәктіктің белгісі боп қаласың.

Сен құлап ең ананды құшып бекем,
(Тұрлауы жоқ тағдырлар түсікке тең).
Өмірдегі шабысым біткен күні
Сен сияқты Тәңірге ұшып кетем.

Уа, Жер-Ана, сен сонда жылап қалма,
Өз анасын перзенті жылатқан ба?
Ақ мамыққа қосылып жауармын мен,
Жаның мені аңсаған бір ақ таңда,
Сағынышың қайтадан бұр атқанда...



Көңіл құрғырдың сағымнан бақ жасағаны,
Жанымды жебей сіңбеді.
Алматы менің арқамнан қақпаса-дағы,
Майқұдық өгейсінбеді.



Хас батырды өлтіру – қан майданнан аулақтау,
Қорқақтарды өлтіру – батырдайын ардақтау.

Хас сұлуды өлтіру – сұлулығын көзге ілмеу,
Жастығынды өлтіру – ойсыздық қой босбелбеу.

Өр сенімді өлтіру – күмәндану өзіңнен,
Үр сезімді өлтіру – қасиетін сезінбеу.

Шын талантты өлтіру – арқасынан көп қағу,
Ғашықтарды өлтіру – ортасына от салу.

Адамдарды өлтіру – армандарын балталау,
Ал арманды өлтіру – талпынбау ғой, қалқам-ау.

Намысыңды өлтіру – арпалыспау арыңмен,
Ақындарды өлтіру оңай боп тұр бәрінен...



(Тұрсын ЖҰМАШҚА)

Ақындары қалып жатса ауылда,
Топырақтың құдіреті дара да.
Төбе құрлы еленбейді тау ұлдар,
Сол қонбай жүр санаға.

Өлең менен өрелес пе шатпақ кіл?
Алыстарға тарта береді ой самғай.
Алғашқыдай биіктігін сақтап тұр,
Қабірің де ортаймай.

Бас қаланың місе тұтпай барларын,
Балқантауды жалғыз өзің кездің де,
Жырларыңды іздейтінін, ардағым,
Әуелден-ақ сездің бе?

Қаламың да кейде мұңды, кейде үстем,
Соңғы өлең боп алабұртты атырап.
Жалғыз сенсің Құдайменен сөйлескен,
Балқантауда жатып ап.

Тағдырыңды тағылық деп мойындар,
Мына өмірден ауру да өтіп, сау өтіп.
Келеді әлі лек-легімен шайырлар,
Балқантауға тәу етіп...

Кей-кейде
 Адасып жолымнан,
 Табысам өзге бір сүрлеумен.
 Ондайда шошимын жанымнан,
 Қаңырап қалғандай кұр кеудем.

Кей-кейде
 Адамдар ішінен
 Іздеймін бейнені қимаған.
 Белгісіз сол бейне сыйлайды,
 Ғажайып күй маған.

Кей-кейде
 Жанарым бұлдырап,
 Мың сан ой қажайды санамды.
 Тәтті ойлар бейнебір кіл кұрақ,
 Жолымдай тарам-тарам-ды...

Кей-кейде
 Өзімнен жабығып,
 Көремін өзімді сор маңдай.
 Бәрін де отырам сағынып,
 Жапанда жалғыз қалғандай.

Кей-кейде
 Бұлқынып шабыттан,
 Боламын әлемді жырламақ.
 Тасыр ой...
 Сескенем тамұқтан,
 Тұрғандай ажал сығалап.

ҰЛЫМА

Сүйсініп сипаушы ем кекілден,
Ұлыма көңілім толып бір.
Ол болса, еркелеп бетімнен
Құлшына сүйетін болып жүр.

Мен болсам, жанарын бақылап,
Бетімді ұсынам тағы да.
Қылығын жаныма жақын ап,
Түбінен іздеймін мағына.

Жүгінем қағаз бен қаламға,
Біз үшін өлең ғой – төреші.
Сезімді оятты санамда,
Сен бірақ «жай қылық» демеші.

Пәктіктің елшісі – періште,
Жорыман өзгеше пішінге.
«Сен енді әкесің, ерікпе», –
Дейді бір өр дауыс ішімде.

Күткендей бір ыстық шапағат,
Айдыным аққуын құшады.
Осы ғой – перзенттік махаббат
Сезілген үп-үлбір нышаны.

Күлкісі күмістей, жаны – үлгі,
Күнәдан ада ғой ол мүлдем.
Соңғы кез мәңгілік жарымды,
Тым қатты сыйлайтын болдым мен...

КӘЛИМА

Неше түрлі ой мазалап көмескі,
Қайран жүрек, шығардың-ау көп есті.
Қара жағы басым мынау өмірде,
Аттадық па, жоқ па, әлде белесті.

Қиял-ойдың құшағына шым батып,
Сәл түнерсем, ақ паракқа сыр қатып.
Жүріп келем аққа қара жұқтырмай,
Әлі-ақ іздеп табады өзі шын бақыт.

Достық жайлы айтып жүр ғой жан-жақты ел,
Дос болатын қалмай барад(ы) салмақты ер.
Маңдайыма тағдыр жаздың, ендеше
Нағыз досты, Тәңір, өзің тандап бер.

Тағдыр деген – таусылмайтын толғақ-шер,
Тұнығына тереңірек бойлап көр.
Қара бастың зары тағдыр емес қой,
Мықты болсаң, ел тағдырын ойлап көр,
Мықты болсаң, жер тағдырын ойлап көр.

Өмір көште ағынды әрі арналы,
Қашаннан да халық – ақтың қорғаны.
Адамзатқа ортақ тілім өлерде,
Кәлиманы көп көрмесе болғаны.

ЕРҚАНАТҚА

Кеудесінде алапат күш бұлқынып,
Шын ақынды жасыта алмас сын, күдік.
Қара өлеңнің киесін де ескермей,
Дарынсыздар барады алға ұмтылып.

Сұмдығы жоқ аңғал ақын аңқылдап,
Жанын жеумен жастық оты сарқылмақ.
Ешкімге де жағынуды білмейді ол,
Өтірік те күле алмайды жалпылдап.

Оның жаны аппақ қардай кіршіксіз,
Қаламынан жыр саулайды, ыршып күз.
Мына өмір – оның жазу үстелі,
Келер күнге сенімі бек мүлтіксіз.

Бұл өмірден бәрі өтеді, тоқтар күн,
Ал өлеңде өлмейтұғын от бар-тын,
Мейлі ненің көлеңкесі түссе де,
Поэзия поэзия боп қалсын!



ТҮНГІ АЯЛДАМА

Тырбың тұрмыстан тынысым тарылып,
Күйбең күндерден көңілім жалығып.
Қараңғылықты қақ жарып қайта,
Түнгі аялдаманы келемін сағынып.

Жіпсіз желкенмен Жер үсті жолығып,
Түпсіз түнектен жүрегім – толы үміт.
Көк аспандағы қалқыған айдың
Аппақ нұрына отырмын шомылып.

Иісін іздеумен сілбі жаңбырдың,
Қара бұлттардың қаласын қаңғырдым.
Кірпік қаққанда, сырғып түсетін
Мөп-мөлдір ғана тамшы-тағдырмын.

Бағын аралап тылсым елестің,
Детке шалдықтым, сағыммен кеңестім.
Бұл түнгі баққа әр күні келіп,
Кезіп тұрмасам, жазылар емеспін.

Келсе кеудеге бұлыңғыр, бөтен күз,
Жатша күнелтіп, жат болып өтерміз.
Тамшы көзбенен бақсақ, ғұмырға
Тарыдай ғана екенбіз.

P.S. Қара түнектің бозарып жанары,
Қалғып қатыгез сағатын санады.
Ауысым тапсырған қарауыл сынды
Қара жабуын әкетіп барады...

Көзіңнің қанып құмары,
Өзектің өрті тынады.
Жай тапты жаның, дегенмен
Бірдеңе жетпей тұрады.

Сүйесің, күйіп-жанасың,
Өмірдің солай бағы асыл.
Бір күні кеудең дір етіп,
Қайтадан ғашық боласың.

Орындап Хақтың әмірін,
Түйсініп Құран қарібін.
Жібісе-дағы жауырын,
Келеді білгің, танығың.

Түссең де талай сүргінге,
Ғаламды танып, білдім де.
Сонда да жүрек шымырлап,
Елеңдеп тұрар түрлі үнге.

Тағдырың түспей талқыға,
Байлыққа малын, шалқы да.
Ожданың өксіп тұрады,
Қылмасаң қайыр халқыңа.

Жазмыштың сол ғой – тұмары,
Барлығы бір күн тынады.
Сонда да жаның емексіп,
Бірдеңе жетпей тұрады...

ЖАПЫРАҚТАР ӨЛМЕЙДІ

Тәпсірлеумен ғұмырлы күн, айды бек,
Жапырақтар өлмейді, құлайды тек.
Жайрап жатып тамырын қымтайды да,
Мама ағаштың саулығын сұрайды кеп.

Нәзік жүрек жайнап кіл жақсылықтан,
Сондай тағдыр әуелден һақ бұйыртқан.
Адамзатқа сыбдырмен айтары көп,
Үлкен үміт күтеді жас шыбықтан.

Сақтанғанда «Жел» дейтін дүлей
күштен,

Күз келгенде, ызғырық үдей түскен.
Олар сонда тәубе айтып болмысына,
Құламауды алысқа тілейді іштен.

Кәрі қыс кеп, шыңылтыр құрық бекіп,
Шымшылайды денесін ырықты етіп.
Ал көктемде қайтадан бүр жарады,
Қармен бірге тамырға сіңіп кетіп.

Ақ көрпесін тағы да кермек пе ерте?
Аяз қысты мезгілсіз, жөндеттерше,
52 Табиғаттың ең адал перзенттері,
Қош болыңдар!
Көктемде кездескенше...

II БӨЛІМ



ТАСКӨШІР

ЛӘЗЗАТ

Ләйләдай лағыл лебізге лайық,
Балапандайын бейкүнә бейнең.
Күлкіңнен артық ем іздеу – айып,
Тұншыға қалса керқұла кеудем.

Әлем әспеті әлі де әрсіз,
Сендік сиқырды сезіне алмаса.
Кереметтердің бәрі де нәрсіз,
Мейірімді сендей кезі болмаса.

Затыңдай зарсыз, Зайдалық зерден,
Бақытқа лайық қиялдай керім.
Өмірге тағы айналып келсем,
Ешкімді сендей сүйе алмас едім.

Заман заман ба заңдылықтарсыз?
Шегінсе шындық, шертеді мұң күз.
Ажарсыз дер ем паң қылық қар қыз,
Ғалам құбыжық еркелігіңсіз.

Ақын ақын ба арбаса арын?
Сезім сезім бе бір жылытпаса?
Өмір өмір ме далбасаларын
Тізгілей бермей, сырып тастаса?

Тағдыр тағдыр ма, тар жол торламай?
Шабыт – шабыт қой, шапса қайда да.
Жәлел Жәлел ме, бір жыр арнамай,
Жұматай жүз жыр жазса Ләйләға...

ҚАРА ҚЫЗ

Құбылғаның қас-қағым,
Жұртқа мынау бәрі – аңыз.
Қиғаш біткен қастарың
Қап-қара екен, қара қыз.

Қара түндей жайлылық,
Қара көйлек мақпалдай.
Жанарыңда Ай туып,
Тербеп келе жатқандай.

Кеуде керген қос алмаң,
Тағатымды тауысып.
Сабыр деген тосаңнан,
Қалғандаймын ауышып.

Сыр тартқанда тереңнен,
Қиялдар да туар мың.
Қара қыз бен қара өлең,
Мен сендерге құмармын.

17.11.2013



КҮЗ, ҮМІТ...

Сол бейне,
Сол бір сәт,
Сол бір түн...

Мен неге осынша солғынмын?
Жалт еткен бір күндік махаббат
Елес боп, көзіме толды мұң.
Мен неге осынша солғынмын?

Қондың да, қайта ұштың бағымнан,
Мен бе едім,
Сен бе әлде жаңылған?
Біз кеше бақытты ек,
Ал бүгін
Айналып барасың сағымға.

Пәк сенім шықты да бір қалқып,
Жүректі жіберді сандалтып.
Бір түндік махаббат жалыны
Түтеді жанымды дал-дал ғып.

Жылт еткен бұл сезім – жылымық,
Әп-сәтте жоқ болды үзіліп.
Атымды бір рет атамай,
Келдің де, кеттің ғой күз, үміт...

Ғұмыры аз ұшқынның әлегі,
Еркімді неге ұрлай береді?
Көңілім, сол қаңбақ сезімнен,
Әлі де боп жүрме дәмелі...

Күміс күн батысқа еңкейіп,
Ымырт кеп әлемді жабады.
Сол батқан күнменен жарыса,
Бейнең де алыстап барады.

Жүйрік жел ысқыра еркелеп,
Дүние дүрбелең боп жатты.
Құлаққа бір келіп, бір кетіп,
Күлкің де күмбірін тоқтатты.

Қараңғы орнады желкеме,
Қабырғам қайыспай тұрмады.
Кеудемде сақталған сертіңнің,
Сүм түнек сиқырын ұрлады.

Үнемі ақ түсті сүюші ең,
Қараға ауысты барлығы.
Біз енді кездеспейді екенбіз,
Тағдырдың жарлығы...

Аңсаумен арманда өтерміз,
Жалғанның бұйырмас сарқытын.
Жаным-ау, қимаса қайтеміз,
Бұл өмір бір кезбе бақытын?..

Тәрк етіп бойымның тулаған тамырын,
Жатсынып жанымның ып-ыстық жалынын.
Қып-қысқа ғұмырым болардай тағылым,
Мен сені ұмытқан екенмін, жарығым.

Кеудеме сәулесін түсірмей нәзік үн,
Мұңымды ешкімге шақпадым – жазығым.
Тас болып кеткендей мәндегі өз ұғым,
Мен сенен алыстап кетіппін, нәзігім.

Дәл сенің көзіндей дүние жарқылдап,
Ең соңғы демім де дәл солай сарқылмақ.
Неліктен жанарлар барады салқындап,
Сен менің ожданым едің ғой аңқылдақ?..

Өзіңсіз өмірді білмеуші едім мен,
Ал қазір бітпес мұң жанымды кемірген,
Осылай оқшау боп өтем бе өмірден,
Періштем, жүрегі сезімге көмілген?..

Тәтті өмір суытып, біресе жылытып,
Күмәннан жеркеңем, сенімнің сыры – құт.
Құбылам,

58 Өмірдің қалмаса құны түк,
Тірілер сапында барымды ұмытып...

СЕН ТУҒАН КҮН

Боркемік жасыққа емес,
Жарқынға асық та әуес.
Арлыға серік
Әрі ес
Кең туғансың.

Әуеннің жариясымен,
Бақыттың бар ұясымен,
Сезімнің дариясымен
Тең тұрғансың.

Кірпігің Күнді қалқалап,
Дүниеге кербез, паң қарап,
«Ақынның жары» дейтін
Жүкті арқалап
Сен туғансың...

Бүгін – сен туған күн!



КҮЗ ҚАЛҚА

Күз қалқа,
Кәрі қыс күтеді бізді алда.
Бір мезет сырласып алайық,
Көңілдің күйлерін жүз тарта.

Күз қалқа,
Жаныңда сағыныш мұз бар ма?
Көркінді көшірем өлеңге,
Қарсы кеп кеудеңдегі ызғарға.

Күз қалқа,
Басташы жан жетпес құздарға.
Шың біткен, ол – менің күресім,
Көңілде жыр дейтін сыз барда.

Күз қалқа,
Керімсің ең сұлу қыздан да.
Дәл бүгін мен келдім сені іздеп,
Сырыңды ақтаршы бір жанға,
Сен мені көктемнен қызғанба.

Күз қалқа,
Өлеңім өзекті, сіз барда.
Ол, рас, егізбін көктеммен,
Ілесіп барамын құстарға...
Кеш мені, Күз қалқа!

I

Тамағыңа тығылып бұла демің,
«Кетпеші», – деп сен сонда жылап едің.
Ұмытты деп ойлама... Бәрі, бәрі
Көкірегімде жазулы мына менің.

Кеттім солай тәрк етіп өткенімді,
Қала бердің құшақтап өкпе-мұңды.
Әлі күнге біле алмай жүрмін, күнім,
Сол кездегі қайырылмай кеткенімді.

Төмпештедің кеудемді ұрысқан боп,
Ал мен сені жұбатып тырысқам көп.
Неге екенін білмедім, содан бері
Қоштасулар кеудемді жылытқан жоқ.

Шын сезімнің қашан да оты күшті,
Талғамайды ол қамалды, бекіністі.
Мен өмірді сүюді біледі екем,
Енді ұғынып келемін өкінішті.

Ғашықтардың салмақты десі маған,
Ал адамдар таңы мен кешіне алаң.
Қоштасқалы тұрған бір жұпты көрсем, 61
Мен әлі де сол күнді есіме алам...

II

Көздер көзге қадалып, тамсана кеп,
Біз екеуіміз сырластық қаншама рет.
Білсем-дағы арада бөгет барын,
Қақым жоқ-ты айтуға «аңсама» деп.

Кешегіні жүргенде бағамдамай,
Бүгін келіп өкпе айтам саған қалай?
Мен кінәні өзімнен іздеп жүрмін,
Оғаш сезім кешпеші тағы аңдамай.

Шығарыңды алдымнан еске алдым ба?
Тартып кеттім сен жақты бетке алдым
да.

Тілдесу бар өмірде, ұғысу бар,
Тілдескенді ұғыстым деп қалдың ба?

Татып алма мен кеше жұтқан улы,
Онсыз-дағы нәзіксің көп налулы.
Бар сырымды ақтарсам өзіңе кеп,
Қалағанмын жанымды ұққаныңды.

Біздер жайлы айтса да қанша ғайбат,
Саған қонсын, қонса сол қаршадай бақ.
62 Кездесерміз, кетпесем тасқа айналып,
Жаның мені бірер сәт аңсамай қап...

МЕЗГІЛСІЗ ЖАУҒАН ҚАР

Бір әлемге теңгеріп бір ұлпаны,
Көктемде қар жауды бүгін тағы.
Көңілімнің төрінен жалт-жұлт етіп,
Бір сәуле жымыңдады.

Ағаш-ару... алқынып құлын жаны,
Ызғар желмен теңселе ыңылдады.
Діріл қағып еріксіз ырғалады
Нәп-нәзік бұрымдары.

Ақ қар, сені неліктен ерек сүйдім?
Сенен алдым тәттісін керек күйдің.
Сен секілді оқыстан жауа салып,
Тынсам деп өрекепмін.

Мезгілсіз кеп ұрладың түн ұйқымды,
Күмбір-күмбір кеудеме күйің тұнды.
Қоштасқалы келдің бе көктеміңмен,
Өз ғашығын қимаған сұлу сынды?

Батпан ойлар еңсемді жанышқанда,
Қиялыммен самғаймын алыстарға.
Мәңгілік ғұмыр жайлы жыр оқимын,
Мәңгілікте мезгілсіз қауышқанда...

МЕТРОДАҒЫ АРУ

Түсінемісің білдірген лебізімді шын?
Жүзіңнен көрдім маңғаздық теңіз үлгісін.
Күн нұры түспес жердегі еншім екенсің,
Арқадан келгендігімді сезіп тұрмысың?

Бір-бірімізден қымсынып, жасқанамыз кеп,
Көз тастауыңнан бір жауап ақтарам іздеп.
«Түнгі такси»* де жоқ мұнда, қолшатыр да жоқ,
Ару шаһардың метросы баспана бізге.

Сұлулығыңды қылығың бүркесе демеп,
Жанымды әкетіп барады жыр төсемелеп.
Үлбірлігіне үркердей сүйсіндім, сәулем,
Қолаң шашыңның төгілген күртешене кеп.

Жаным сүймейді шындықты көп бүркегенді,
Асау арманға қолымды дөп сілтегем-ді.
Қарағандыда метро жоқ, Алматы алыс,
Әр көктем еске салады көк күртешенді.

«Түнгі такси»* – Жүрсін Ерманның өлеңі.

Мөп-мөлдір мұңыма тұншығып,
Тағдырым тұрғанда қырсығып,
Мына жұрт тегімді табалап,
Өз қамшым өзімді сабамақ.
Шәуілдеп ар дейтін ақ күшік,
Сүйекке кетпестей дақ түсіп,
Жасаурар мендегі қарашық,
Ай мен Күн аманда адасып.
Ауызын тырналап жараның,
Мен қайда асығып барамын?
Мұнымды құптай ма дос, бауыр,
Бәріне салт-сана – тосқауыл.
Әй, уақыт, сен қарсы кел мейлің,
Сезімді төсіңе жерлеймін.
Өзімді қылам да құрбандық,
Күтемін әр кезде тыңнан құт.
Сарқытын татсам да дүлейдің,
Мен саған мол бақыт тілеймін.
Мені енді ойлама, несі бар,
Сағынсаң мынаны есіңе ал:
Жаным, мен Мәжнүннен биік ем,
Өмірде тек сені сүйіп ем.
Ал сенсіз өрт едім, бүлік ем,
Әр таңды сені ойлап атқызып,
Сені ойлап көзімді іліп ем.
Мен сені өзіме теңедім,
Мен үшін өмір, ол сен едің.

Жаралған жан едім төзімнен,
Міне, енді бәрінен безінем.
Амалсыз ұрпақтың қамы үшін,
Сүйсем де бас тартам өзіңнен,
Көктем, жаз өтеді, солар күз,
Біз, мүмкін, келесі өмірде
Бақытты болармыз...
Жарасып, сертгесіп биікте,
Бірақ та басқаша кейіпте.
Жарасар дәл мынау сабылыс.
Махаббат, ол – тұнған сағыныш!..



ЖАНАР

Бейнеңді бір көргеннен сезінгенім –
Жүрегім қайталанбас бақытты өпті.
Өмір дейтін мұхитқа көзіңдегі
Еріксіз ессіз күйі батып кеттім.

Шымылдығын жұмбақтың түргің келсе,
Есітіп көр жан жетпес терең үнді.
Көзіңнің құдіретін білгің келсе,
Жай ғана оқы, жаным, өлеңімді.

Көзіңнің ағы менің жаным еді,
Ол күлгенде, тұратын жаһан күліп.
Көзіңнің ағы сенің арың еді,
Сол қалпында бақиға батар сіңіп.

Жанарың жәудірейді нұр күштырып,
Кеудемде кеткендей бір иіп көктем.
Өмір, өмір дейміз-ау білгішсініп,
Өмір қалай көзіңе сыйып кеткен?

Сенің көзің – мәңгілік жарық мекен,
Мәңгі жарық қала ма бізден бүгін?
Жас болып жанарыңнан тамып кетем,
Ешқашан жыламауға сөз бер, күнім.

Мен сенің көзіңдегі нұрлы алаңға,
Жанымның ақ жолдарын тірек етем.
Өздерін танымайтын бұл адамдар
Көзде де өмір барын біле ме екен?..

СУРЕТ

Мойыныма артқанында Тәңір жүк,
Сол бір жүктен табатындай жаным құт.
Ақша бұлттар оранғандай жалынға,
Көкжиектен Күн көрінді тамылжып.

Құстың бәрі көтеріп Күн шашбауын,
Иесіне арнап жатты жақсы әнін.
Ескі зауыт мұржалары үр желмен
Желпіп тұрды мақпал бұйра шаштарын.

Күн уылжып жанып тұрды жанудай,
Осы жайттан сөнер сәтін табуда Ай.
Күн-айнаға телміреді мұржалар
Қолайнаға шаш түзеген арудай.

Таң шапағы аймалаумен бетімді,
Жан дүниемнің көп кірбіңін кетірді.
Толқын шашты сұлу тектес мұржаның
Зеңгір аспан қолшатыры секілді.

Тылсым сурет өн бойымда тасытты от,
Тыпыршыдым жазғанына нәсіп көп.
Қолшатырлы сол арудың тамсанып,
Қарай бердім қылығына ғашық боп.

...мұнан асқан бақыт жоқ...

Жүрегімді тепкілеп тысқары екпін,
Көкке құмар сезімді құсқа жектім.
Мен өмірді жеккөре бастап едім,
Аядай көз, сен қайта құштар еттің.

Сезім көрдім мөп-мөлдір көзден ұяң,
Алқынып кеп тоқтады кезбе қиял.
Ұсқынсыз боп көрінген мына жалған
Әрсіз емес екен ғой тезге қияр.

Арманым жоқ өзінді ән ғып өтсем,
Кеңіп келед(і) дүние тарлық еткен.
Жапырақтар, күз келсе, сарғаяды,
Сенің көркің – алайда мәңгі көктем.

Құл болғандар бақытты құлдық етсе,
Сезім сұлу, Зарлықты Мұңлық өпсе.
Махаббатты көмгісі келетіндер
Сұлулықты жерлесін құрбы жетсе.

Құдіреттен шақша боп шарадай бас,
Кеудеме кеп мың сан ой салады ойқас.
Туылғаным туғаным емес екен,
Өлгенім де өшкенім бола қоймас...

КӨСЕУ

Қараша ауыл..
Қара ошақта зорыға,
Анам жүрді қос білегін түрініп.
Сексеуілдің қыжынаған шоғына
Отырушы ем жылынып.

Армандасаң, дәл осында арманда,
Сарын қосып алабұртқан сарынға.
Анам отты көсеп-көсеп қалғанда,
Жарықтық шоқ ұласатын жалынға.

Жұмбақтанып таңғажайып атырап...
Көп білуге құмар едім Тегімнен.
Қара көсеу күдіретін бақылап,
Таң қалатын едім мен.

Содан бері өтті талай мұнар - жыл,
Көсеу сыры кетпей қойды санамнан.
Өмір мені сан қиянда сынап жүр,
Бәрі - арман.

Кендік маған қанмен келген сый екен,
Адамдығым анам сүтін өтеуде.

70 Бір ұққаным – ауыл жетпей жүр екен
Шоқ кеудемді көсеуге...

ТАСКӨПІР

I

Сәби ем жаңа есін бір білген,
Талғап-ақ басатын қадамын.
Кеңже ұлдың көмейі – Күн күлген,
Нәрлі үміт сыйлайтын жаңа күн.

Алғабас – кіндігім кескен жер,
Мен үшін бейіштің бағы еді.
Жалаңбұт жүгіріп өскен жер –
Көңілдің теңдессіз жан емі.

Су аққан арығы жеке тым,
Ауылдың таптырмас сәні еді.
Арықта жолаушы өтетін
Шағын бір таскөпір бар еді.

Үлкендер айтатын: «Өтпе! – деп, –
Балықтың боласың қорегі».
Көп бала кететін өкпелеп,
Ал менің арманым сол еді.

Себебі таскөпір ар жағы –
Болатын құпия бір әлем.
Көпірден өтпекке қамданып,
Өзімді сан рет сынап ем.

Өттік қой, өттік қой ақыры,
Таскөпір елеске айналды.
Ер болдық сыр бермес тақымы,
Әке боп үлгердік жайдары.

Артымда – таскөпір дүлейі,
Өмірім – көпірлер картасы.
Алдымда – қылкөпір үрейі,
Жүректе – Тәңірдің таңбасы.

Сол таңба – менің өр тағдырым,
Үрейді дүлеймен жоямын...
Ауылды сағынсам, ақырын
Артыма қарайлап қоямын.

Таскөпір – балалық ақ арман,
Баяулап өршитін үдеу ап.
Жалғанның көпірі жоғалған,
Жоғалмас көпір ол біреу-ақ!

II

Ақын ол қашан да от кеуде,
Еңбекпен келмеген бақ жесір.
Жаныңнан жырақтап кетсем де,
Санада қап қойдың, таскөпір.

Зіл-батпан түспей-ақ еңсеге,
Тағдырға бетпе-бет барғанмын.
Қатыгез таскөпір, мен сенен
Анамды шығарып салғанмын,
Әкемді шығарып салғанмын.

Содан ба, жырымның жаны – мұң,
Сол мұңнан біресе сорлайды,
Біресе бақ табад(ы) –
Өмірді күрес деп таныдым
Сол сәттен бастап-ақ.

Байланып қалғам жоқ ескі үнге,
Жырақтап кетсе де бал күндер.
Содан соң ақын боп кеттім бе,
Бәлкім, мен?!

Сұрақтар, сұрақтар сәт сайын,
Қарайды қашан да қырағы.
Бәріне, бәріне қасқайып
Өлеңім тіл қатып тұрады.

Тас қала қойнына бүгіп сыр,
Сұп-суық құшағы елтеді.
Тас қоғам тістеніп күтіп тұр,
Тірегім серт еді.

Күресіп келемін әлі мен,
Қисынсыз күйреуім, жануым.
Киесі биік тұр бәрінен,
Қаламым – қаруым.

Таскөпір, қимап ең күлкіні,
Жаныңда жалғанның сұсы бар.
Өлең боп оралам бір күні,
Жымиып алдымнан күтіп ал.



ТУҒАН ЖЕР

Көкейіме көркінді күй арна ғып,
Дүрбелеңге қаламын жиі алданып.
Сағыныштан сарғайып өтетіндей,
Қайтқан құсқа қараймын қиялданып.

Өскен ұя, елессің, сыйың кемел,
Атады әлі бір ақ таң күйін төгер.
Бір сәт болсын мұңымнан арылар ем,
Құмыңа кеп тәу ету бұйырса егер.

О, туған жер!
Анам да, әкем де – сен,
Сенен қуат аламын бәсеңдесем.
Сенің сол бір мұғжизаң деп білгейсің,
Бір күні баурыңа кеп нәсерлесем.

Қара күшті қалқалап қалқаныммен,
Аласартпай бойымды асқақ үннен.
Сені сүю арқылы, о күдірет,
Мен ғаламды сүйемін жан-тәніммен.

Көкірегімде жыр болып түнеп келген,
Демеген де сен едің мың өткелден.
Мен күресіп өтемін өлгенімше
Туған жерін аңсамас жүректермен.

СҮТКЕНЖЕ

*Әулеттің үлкендері кемпір-шалдың
баласы болғандықтан, анамызды
«жеңеше» деп атайтын.
Соларға қарап біз де солай атап кетіпміз.*

Кенже ұлға болса-дағы серт ерек,
Өмір мені есейткен-ді ертерек.
Біздің үйге кенже болып сен келдің,
Ата-әжеңе еркелеп.

Ата-анам сендік назға берілді,
Ал мен енді жігіттікке теліндім.
Міне, осылай тартып алдың сен менің
Сүткенжелік шенімді.

Өмір шіркін өтіп жатты дөңгелеп,
Сол бір күндер ең бақытты, ең ерек.
Арасында қызғанушы ем, дегенмен,
Сөзге келіп көрмеп ек.

Көп баламен ойнаушы едік жиылып,
Кеудемізді тербеген сан күй ырық.
Сен қасымнан қалмаушы едің бір елі,
Ұл балаша киініп.

Адамдыққа, адалдыққа жетік ем,
Саған, қалқам, сәтім жоқ-ты жекіген.
Сен әжеңді «анашым» деп, мен болсам,
«Жеңеше» деп кетіп ем.

Кенет тағдыр әніне сап байырғы,
Төбемізден естен кетпес жай ұрды.
Осылайша сені анаңнан, ал мені
Жеңешемнен айырды.

Жыладық кеп, жанымызға шер енді,
Солай серік қылған едім өленді.
Сонда адамдар: «Бәрі жақсы болады,
Жыламаңдар, жыламаңдар», – дегенді.

Сол күннен-ақ басымыздан бақ кетті,
Әкем байғұс қайғы-мұңға ат жекті.
Туған анаң бір күні кеп өзінді
Өздерімен қала жаққа ап кетті.

Жұпсыз өмір өмір деуге тати ма?
Құсалық – ол, сезілмейді аты иба.
Үш жылдан соң анам кеткен соқпақпен
Асқар тауым әкем кетті бақиға.

Өмір ғой бұл азабы мол, сыны көп,
Қала бердім көп жетімнің бірі боп.
«Жақсы болад(ы)», – деген еді адамдар,
Жақсы болған түгі жоқ.

Өмір-өлім бір-ақ қадам арасы,
Тағдырға жоқ ешбір жанның таласы.
Жасытпаққа шамасы жоқ жалғанның,
Тістенуін қарашы...

Есіл әкем, келгенде ажал кезегі,
Отқа оранып өзегі:
«Жеңешенің аманаты, жан балам,
Сүткөңжеміз жыламасын», – деп еді.

Армандадым, көп ойландым қиялдай,
Шер кеудеме көктен сәуле құярдай.
Сен де күнім, толқып жүрген боларсың,
Өз теріңе сия алмай,
Өз анаңды «жеңеше» де дей алмай?...



ҚУАТҚА

I

Арманыммен жүргенде Ай құрықтап,
Өр кеудеме орнап ед(і) қайғы мықтап.
Өлеңнен ап өшімді жүрген кез-тін
Қуатымнан қапыда айырылып қап.

Содан бері тұтылып бар арманым,
Су сепкендей басылып алау-жаным.
Қуанышты сен сыйлар іздеп едім,
Сенесің бе, сенделіп таба алмадым.

Көңілімнің уақытқа бұрмай ішегін,
Өзіңменен сырласпай тұрмаушы едім.
Айта алмаған мұңымды ұрлап алып,
Жүрегіме күш-қуат сыйлаушы едің.

Көз алдында бақ желі бір есіліп,
Алшақтады қайырылмай кіресі үміт.
Бас иместен бақиға кете бардың,
Ғұмырыңның өлшемі түгесіліп.

Біз түгелміз, сен жоқсың, жарқын маңдай,
Мына өмірге барады зауқым қалмай. 79
Сен кеткелі, сүлдермін сүйретілген,
Жанымның да жігері сарқылғандай.

Сәби жүрек көтерсе бар сынды алғаш,
Ақиқаттан жалтарып ар шыңдалмас.
Айырса да мені бар қуатымнан,
Өлеңімнің қуатын сарқылта алмас...

II

Атаның нұрлы көзінде,
Айнымады пәк қалпың.
Азғантай тағдыр тезінде,
Арын – дәл сендей сақтар кім?
Асылдарыңның есінде
Алты жол өлең боп қалдың.



ЖИДЕГҮЛ

Жиденің гүлі –
Көктемнің соңғы өрнегі,
Өзіңсіз мынау шуақ та жылу бермеді.
Тас бұлақтардың кеудесін түртіп оятар,
Сезім біткеннің хабаршысы ма ең Жердегі?!

Құпия тағдыр жазылған болар біздерге,
Жұмбақтығыңнан сыз тарта берді күз кеуде.
Ғашықтар анау, еріксіз күйге бөленіп,
Өз жартыларын іздеуде.

Жиденің гүлі –
Уақыттың ерке көктемі,
Айнала тұнған сағынышқа еніп өп мені...
Сол сағынышқа әуелден ынтық жүректің
Тек өлең болар төккені.

Жиденің гүлі –
Көңілдің қылы ең нәзік,
Тәттілігімен іңкәр жаныма берді азық.
Неліктен сен де жазылмай қалған өлеңдей,
Бүрледің баяу арқанды Күнге кең жазып?

Сықырсыз сендік мен-дағы жұп боп жүзбес ем, 81
Гүлдей бер, гүлде, кетпейді бүгін бізге есең.
Шын ақын деп ұқ жарығым мені, өзіңді
Жиде гүлдегенде ғана іздесем...

Жиденің гүлі –
Махаббат екен от, жалын,
Өмірдің мәні осы ма деп бір тоқтадым.
Жиделер гүлдеп, мен бола алмасам жаныңда,
Саф сезімімді өлеңдерімнен ұқ, жаным.



ТӨЛЕГЕНШЕ

Тағдырымен алысқан пенде дертін,
Жылуымен жырымның емдеп еркін.
«Өлең» дейтін өлкеге өрлік етіп,
Өз жүгімді арқалап мен де келдім.

Жүрегімде ғасырлар жарасы бар,
Қабағымда жұртымның наласы бар.
Тамырымда – Әмудің толқындары,
Төлегенін сағынып аласұрар.

Мен шуақпын басылмас табы мүлде,
Ырық бермей өтемін «бәрібірге».
Ақ паракпын Төлеген жырынан соң,
Тамшы сия көрмеген әлі күнге.

Мен самалмын есетін ырғай леппен,
Бұлт нөпірін нөсермін тырдай еткен.
Мен сап-сары сазымын сағыныштың,
Маңдайына қазақтың сыймай кеткен.

Көктемімнің сарғайтса гүлін күз кеп,
Айналама салса егер мұным тізбек,
Жаратқаннан жұртыма жұмақ тілеп,
Шаһар кезіп кетемін жырымды іздеп...

ҰЛЫ ШЫҒАРМА

Пәктігің, ұлым, бір кие,
Біреп сәт саған арнайын.
Онсыз да шолақ дүние,
Жақыннан басым шалғайым.

Еркеле, жанды жылытып,
Маңғаздығыңа тоймайын.
Тірлікті мынау ұмытып,
Сәби кейпіңе бойлайын.

Еркелей кірші қойныма,
Бар тамырыңды иіп кеп.
Сонан соң асыл мойныма,
Жаным бір қалсын биіктеп.

Тағдырдың тарам өткелі,
Шегіндіре алмады, тең өстім.
Сен бақыттысың, өйткені
Мен сәби болған емеспін.

Өзімді іздеймін, сый емес,
Шыға алмай, сірә, құмардан...
Маңдайыңдағы күйе емес,
Ең ұлы менің шығармам.

ТҰШПАРАХАНА

Уақытқа күстәна көп,
Қараша...
Құс қана жоқ.
Ожданды ойламастар
Жазда да, қыста да тоқ.

Шошынбай үтірден біз,
Жақшаға түтілгенбіз.
Ұрланып көз тігеді
Тұшпара пісірген қыз.

Кәрі күз жаны қатқыл,
Айнала қаңырап тұр.
Бейресми кездесулер
Өтетін шаңырақ – бұл.

Өлең құс – құйын қалам,
Таныс қой күйің маған.
Біз жейтін бұл тұшпара
Мағжанға бұйырмаған.

Толқыса шөккен арнам,
Тағдырға кектене алман.
Кеудемді соққылайды
Сол көзде кеткен арман.

Арманды ар үсірмейді,
Жасықты ез мүсіркейді.
Ресмишіл көкелерім
Біздерді түсінбейді.

Көшеде ашынар күз,
Сиқынан шошынамыз.
Жабықсақ осында кеп,
Жазылып отырамыз.

Аяндап келем дара,
Жаныма өрем – пана.
Тұшпара – тұшпара ғой,
Өлмейтін – өлең ғана.

Бұл өмірде көсілу бар, толқу бар,
Тұлпарларға тұлпарларша жорту – жар.
Ертең елді алдай ма деп сескенем
Бүгін мені алдап кеткен кей қулар.

Жүрекке жол таба бермес ән біткен,
Шын сұлулық биік болар сәндіктен.
Тарихымды тілгілей ме деп қорқам
Бүгін өзін танымайтын мәңгүрттер.

Есепшілдер түсіне алмай мұнымды,
Ертеңінен артық көріп бүгінді.
Дінім, ділім көп қырғыннан аман қап,
Еңсем енді тіктелгенде, бүлінді.

Дұшпан күліп, туыс бүгін налуда,
Бәрі құмар бір-бір тістеп қалуға.
Бүгін дос боп жүргендерің ертең-ақ
Дайын тұрар аяғыңнан шалуға.

Андыздасын қарсы алдымнан құлқын мың,
Жырларымда қалар шері жұртымның.
Мына өмір жалған дейді, сондықтан
Ақиқатқа әуел бастан ұмтылдым.

Еріккеннен ескі күйді шертем бе?
Аяғыма жетпей жатыр көрпем де...
Бейнесіне осы сәттің қарасам,
Құлын жаным елеңдейді ертеңге.

Мен де ертең нұрға айналар елеспін,
Ал бүгінім мендік емес демеспін...
Жалғандағы жалғыз ғана сырласым,
Өлеңімнен айыра алмас мені ешкім!



Өмір деген – сезім шын.
Өтер ер мен езің мың.
Көздерінен анамның
Алғаш бір леп сезіндім.

Қаламадым мезі үнді,
Еңсем кейде езілді.
Шиыр жолдан таптым мен
Өзімді.

Зымыраумен қас-қағым,
Асқақтады – асқарым.
Дәл осылай досымды
Жақсы көре бастадым.

Көнбей уақыт ырқына,
Алданбадым тұрқына.
Досымдағы адалдық,
Ғашық қылды ұлтыма.

Ойларымдай қымбат тым
Ынтықтырды жұмбақ күн,
Жұдырықтай жүрекең,
Адамзатқа тіл қаттым.

Ұқсын, сезім күшін кім?
Қияға оны ұшырдым.
Сол анамның мейірі,
Қарыз екен, түсіндім...

БАЗ КЕШУ

Туғанда-ақ, өмір, бұлқан ең,
Жүргізбей қойдың қырқамен.
Ғұмырым солай басталды,
Зәу биікке ынтамен.

Сананы тербеп сан арман,
Қирағам, қайта жаңарғам.
Тереңдік болмай, биікке
Базынасыз бара алман.

Айтпағым арыз емес-ті,
Ауыр мен жеңіл егесті.
Ақшаңқандықты аңсадым,
Алдымнан сырғып көмескі.

Қинаса талай себептер,
Адалдық қана – кең өткел.
Бір бөлсе, мені пендеден
Тек арым ғана бөлектер.

Түйсіктер ой сап қаперге,
Соңынан ерсең, бекер ме?
Жол табу үшін қайда да
Адасу керек екен де...

ҚҰМДАУЫТ

Құмдауыт қыраттарым,
Жаныңнан жырақтадым.
Татымы таңдайымда,
Су ішкен бұлақтарым.

Тербетіп сыйың есті,
Санама құйын көшті.
Шөлдетпес – әуіріңе,
Табаным күйіп өсті.

Сыр шертіп мөлтек, ізгі,
Мейірің ер жеткізді.
Адырлар күйін тартып,
Жүректі селт еткізді.

Көркіңе асық едім,
Көрмесем тасып едім.
Ләйләдай келбетіңе,
Мәжнүңдей ғашық едім...

Кеудеме берік өлшем,
Серпілмес сенім ең сен.
Толқушы ең желмен бірге
Теңіздей, мені көрсең.

Басқызбас жардың басын,
Өзіңдей бар мұндасым.
Жаныңды күзетуде
Сексеуіл тағдырласым.

Жайсаңым қырқасы кең,
Анам һәм сырласым ең.
Ең алғаш сезім жайлы
Бауырыңа жыр жазып ем...

Уысымнан таси кетіп,
Ойың жоқ бас иетін.
Еркіндік – өлең деген,
Құм мінез қасиетім...

Жетелер шыңға бүтін,
Ақ көрпе Құмдауытым.
Дамылсыз сен дегенде,
Жүйткіді Жыр-дәуітім!

Елтіген ғазалға сан,
Сырыңды аз аңдасам.
Кеш, соңғы Мәжнүн жырды
Құмыңа жаза алмасам...

Қойнынан көктем із кетпес,
Қиырсыз сапар – аңсарым.
Басталған өмір іспеттес
Сібірлеп атқан әр таңым.

Таңғы шақ көңіл бұзбайды,
Өмірді сүйер кім мендей?
Түс ауса жаным сыздайды,
Жастығым суға сіңгендей.

Түнекке жарық таланып,
Ұйқыға кетсе ел есі.
Жүректен жауап аламын,
Арымды қылып төреші.

Түсімде жырдың нәріне,
Ұйытып бәрін жай табам.
Оянғанымда сәріде,
Өмірге келем қайтадан.

Құдайға ғана тән өнер –
Жан беріп, оны алу да.
Сәулеге жаның бөленер
Ақиқатты танудан.

Тірліктен енді түңілмен,
Көзсіздік көркем тұғыр ма?
Миллион өліп-тірілген
Шүкірлік етем ғұмырға.

ҚОҢЫР ӘУЛИЕ. ҮШ ТІЛЕК

Құлшындырып Құранның сүрелері,
Жасыбай көл кеудеме жыр егеді.

Құран оқып болды да шырақшы ата:
«Бір-бірлеп кір,
Үш тілек тіле», – деді.

Атамекен!

Бөледің сонша нұрға,
Тарих жатыр ашылмай қанша қырда.
Бабамның рухы сіңген жұмағымды,
Жаппар Ием,
Ешкімге олжа қылма!

Азат күнім!

Өзіңсің – мәңгі тілек,
Қазақ бүгін сен жайлы әнді біледі.
Досқа таба, дұшпанға күлкі қылмай,
Елдігімді мәңгілік ет!

Соқтығысып сан түрлі күбір мида,
Халқым үшін бар біткен тұғыр пида.
Анамның тіліменен жазарымды,
Жазып қалдыратындай ғұмыр сыйла!

ҚАҢТАРДАҒЫ БАЛМҰЗДАҚ

Тасынып кеудемде бір ағын,
Сезім боп жүргенде құмарым.
Жүректің дүрсілін ұққандай,
Балмұздақ сұрадың.

Балмұздақ салқындық сыры емес,
Екі жақты өмір – бұл, шын елес.
Сыз тартқан жанымды жылытқан
Бал менен мұз ғой ол өрелес.

Кіршіксіз ақ қаймақ таңдарда,
Қол созбау мүмкін бе заңғарға?
Көркіңнен айналдым көктемдей,
Балмұздақ сұраған қаңтарда.

Екпіні көк тіліп жастық үн,
Көзімді қайтадан ашты үнің.
Маусымда қар жауса таң қалман...
Шөліңді бас, күнім.



ҚАШҚЫН

Бар үмітін сенімге ұдайы арнай,
Кетті аттанып көрсетпей жасық белгі.
Қиындыққа алғашқы шыдай алмай,
Сәбит ағай әскерден қашып келді.

Сол сәттен-ақ өзгеден жырактанып,
Сәл сүрінсе, налыды, жаси берді.
Жүректегі арманы құлап қалып,
Үміттері біртіндеп бақиға енді.

Жігер өшті, өзегін өрт жайлады,
Тілдеспеді бір жанмен, бар ес солды.
Сынды сағы, өткінші дерт – айғағы,
Ішімдікке осылай әуес болды.

Көре қалсаң, ағайды сөз етпегін,
Еске салма өткеннің бекер сырын.
Ол – сынақпен жең түріп күреспеді,
Ұға алмады күн сынақ екендігін.

Екі ойлымыз ежелден астар сөзге,
Адаспаспыз, бұл түйсік ашса алқымын.
Аңғалдықпен әскерден қашқан кезде,
Білмеген-ді өзінен қашқандығын.

Уақытпен иін қағыса жүріп келем,
Тағдырыңа, жан аға, тосын кірдім.
Мәңгілікке қоштас та күдікпенен,
Өзің қойшы нүктесін осы жырдың...

ЦИРК ЖАРНАМАСЫ

Арманға арна ашық: астам да, кем-кетік,
Автобус бәрін де келеді тербетіп.
Біреулер мүлгіген, кейбіреу ұйқыда,
Тірлікке құлықсыз ел де түк.

Ойыңмен қалуды аңсайсың кейде сен,
Орындық қабына жабысқан жейдешем.
Сырласар адамды таппаймын, сондықтан,
Жарнама жазылған қағазбен сөйлесем.

Цирктің жарнама жазылған парағы,
Кіл жыртқыш көзінен мұңды әуен тарады...
Қимылдың сан түрін жасайтын тұлпардың,
Қиқулы бәйгені аңсардай жанары.

Цирк, ол – үстемдік, тоналған ерік, от,
Көнбістер күн кешед ездіктің мөрі боп.
Бұл сайқымазақтар алады керегің,
Бастысы – жарнама ішінде бөрі жоқ...



Бір жүрсек, арманым – өзен,
Өзіңсіз тар жұмақ маған.
Өмірдің жалғанын сезем,
Жаныңнан сәл жырақтасам.

Көзіңнен Күн күлімдеген,
Сезімнің алауын көрем.
Гүлдердің үлбірі менен
Сиқырын табамын сенен.

Нәп-нәзік жүрегің аппақ,
Байлады араны бекем.
Сырлы әнді жүретін жаттап
Ғашықтар парағы етем.

Кетерміз бір күні, күнім,
Біз-дағы бақиға тылсым.
Ешқашан кірлемейтұғын
Сен менің ақиқатымсың.

Өкпемен табысып не етем,
Қып-қысқа ғұмырда мұнша?
Арыммен алысып өтем,
Көздерім жұмылғанынша.

Дес бермей дүрсін дауылға кілең,
Жаңылмай келем сабырдан.
Түсімде ылғи ауылда жүрем,
Ауыл да мені сағынған.

Алғабас, бейқам әр таңың есте,
Көңілдің жайнар бағы тез.
Аңсап жүр бүгін борпаңын кешкен
Жырқұмар балаң қағылез.

Шежірең сенің – бас алмас аңыз,
Анамның сіңген сүтінен.
Күз келсе болды, жас алмасамыз
Күйбең дейтұғын күпімен...

Мені аңсап жылда бұрқырап тұр ма,
Ақша көлімнің қоғасы?
Үлкен отаудың сарқырап тұр ма
Өткел бермейтін сағасы?

Кеудемде жүрмін тың әнді үкілеп,
Парызым әлі өтелмей.
Ата-анам жатыр дұғамды тілеп,
Бізден не қайран десердей...

Тағдырдан енді сый күтпе мұңды,
Шер бар ма кеудең жұтпаған?
Соңыра шабар жүйріктер сынды,
Жауырынындағы жүкті алам.
Жазғыра көрме сағынбай жүр деп,

Жидең мен тұтың кеш гүлдер.
Алдымда әлі таңым бар күлмек,
Қорқып жүргем жоқ ешкімнен.

Ұсақтық күтпе, жеткенмін толып,
Тұла бойымда – тұлпар-дем.
Барамын аңсап көктемің болып
Қабағымдағы бұлттармен...



АЙТУҒА БОЛМАЙТЫН ТҮС

Түсімде.

Ақ ұлпа бұлттардың ішінде.

Анашым қимастан қоштасты.

Періште пішінде.

Шошыдым.

Түсің де үрей кіл осы күн.

Астарын аспани аянның,

Жақсыға баладым пошымын.

Пәк қалпым.

Қалайша түс іште сақталсын?

Ентігіп жетіп кеп анама,

Түсімді ақтардым.

Сол шақта.

«Сақтаса құдай бар сол сақтар», –

Деді де, қинала күрсініп,

Үзді зіл моншақтар.

Бал мұңға.

Баттым мен, мейіріңе қандым ба?

Арқалап келемін көп күнә,

Аналар алдында.

Ойым дау.

Көп жанға ерте гүл қойылды-ау.

Өлуден де ауыр мұң адамға,

Өлерін мойындау...

Құрт көрем.

Қалғысам жерімді үптеген.

Желкеме жүк артқан тағдырдан,

Мұндай сый күтпеп ем...

Түс-керуен.

Мөп-мөлдір ойымдай іште өлген.


Түндерде қорқамын тұңғиық,

Айтуға болмайтын түстерден.



III БӨЛҮМ

Ўзбек шакирларинан
маржуме



**«СЕНИ БҮГҮН
КӨРМЕСЕМ, БОЛМАС...»**

Мұса Жәлелден

Күнім келді бақшадан,
Жеміс толы тостаған.
Ақтара алмай сезімді,
Көрген сайын оқталам.

Жеміс сыйлап пәк, ізгім,
Күдік қылын нақ үздің.
Өн бойыңнан бұрқырап,
Иісі аңқиды атыздың...



Зульфиядан

Өткен өмірімді

Өткен өмірімді бір күн күреп мен,
Өкінген түгім жоқ теріме сыйдым.
Күлу керек болса күлдім жүрепкен,
Сүю керек болса егіле сүйдім.

Кигенім жібек пе, шыт па, сиса ма ед?
Арымды күзеттім көрген өмірім.
Отка да, суға да түстім қанша рет,
Өлең ғана ұсынды төрден тұғырын.

Өткен күндеріме оралдым, бақтым.
Бақ-сорым қосылып жанды тербеді.
Сүйдім,
Еркеледім,
Тоналдым,
Таптым,
Адам болып қалдым, бар бітіргенім...

01.06.2016 ж.



Қайда сол шаттығым...

Оқылмаған хаттар,
Тақпайтын бұйым,
Дүниемменен қажетсіз түнесін бірге.
Елеусіздеу бұрышта сақтаймын қиып,
...азапқа саларын білесіндерме?

Буырқанған сезім болардай көктем,
Жалалардан биік - десім ең керім.
Шаттығым-ай қайдасың оралмай кеткен?
Өткінші, тұрақсыз несібем менің...



Мухаммад Юсуфтан.
Н-за.

Мейлі біреулерге
Ұнайды аса,
Тіпті кейбіреуі сөз етер берік.
Біз бақытты боламыз
Құдай қаласа,
Құдай қаламаса
Кездесер ме едік?

Райхан жұпарыңды
Жоладырма сеп,
Әр күні күт мені
Түнде ай туған.
Жылама тек қана,
Айыбым не деп.
Айыбың – сені анаң
Шырайлы туған.

Бір шаттық жарығым
Сыйла маған да,
Нұр тамсын
Үп-үлбір еріндеріңнен.
Айтшы өзің сендей жан
Бар ма ғаламда.
Кірпіктерің ұзын -
Кекілдеріңнен?

Гүлде-жайна жаным
Мұңға шырмалма.
Сезімді тұсама,
Ұмтыл арманға.
Бірілме қаңқу сөз,
Жала құмарға.
Өйткені жалғызсың
Мына жалғанда.

Ал, мен – ғашығыңмын
Сенің ең ғаріп.
Түндерді ұйқысыз,
Таңға жалғайтын.
Жаныңда жүріп-ақ,
Саған таң қалып.
Жаныңда жүріп-ақ
Сені аңсайтын.

Тіпті, тізерлеймін
Алдыңда бүгін,
Сүйдім, оным үшін
Ұялам кімнен?
Барлық періштелер
жаныңда күнім,
Көлеңке құрлы емес,
Қияға сіңген...

Біз бақытты боламыз
Құдай қаласа.
Құдай қаламаса,
Кездесер ма едік?!

Махаббат – сен сұлусың

Махаббат - сен шырайлы,
Махаббат - сен қиял сан.
Тағы бір сәт тұрайық,
Сөйлеспей-ақ, ұялсаң...

Мазаламан мұң шағып,
Көз - көркіңе шомылған.
Сүйгендігім соншалық,
Ұстай алман қолыңнан.

Сезім жолын от қаптар,
Қалған сайын кіл жалғыз.
Әр түрлі соқпақтар,
Қош аман бол гөззал қыз.

Махаббат - ұмыт мені,
Жан сырым боп жүр деймін.
Түстерінде күт мені,
Түстеріңе кіргеймін...

Махаббат - сен шырайлы,
Махаббат - сен қиял сан.
Тағы бір сәт тұрайық,
Сөйлеспей-ақ, ұялсаң...



Иқбол Мирзодан
Сені бүгін көрмесем болмас

Не бір мұңға толы бұл – жүрек,
Бара жатыр соғуың үдеп,
Сені бүгін көруім керек -
Сені бүгін көрмесем болмас.

Желкеме жүк артты көк менің,
Бұл азаптар жыр ғой төкпелі,
Сағындым ғой жаным тек сені –
Сені бүгін көрмесем болмас.

Мүмкін күн де күлер күні ертең,
Ашылады гүл де жан еркем.
Не болса да, болсын дәл ертең –
Сені бүгін көрмесем болмас.

Жұмбағымсың қашаулы мүсін,
Сенсің жалғыз нас ару, құсым,
Менің ертең жасауым үшін -
Сені бүгін көрмесем болмас.



Жалғыз

Миллион жыл адамзат мені күткен-ді,
Тізесін таулардың дені бүккен-ді,
Жүректерде мейірім демі біткен-ді,
Сол сәтте мен тудым - әлемде жалғыз!

Теңіз тамшы болып күн кеше білген,
Жанарлар бар нұрды күннен сіңірген.
Жаңбырдан, Күннен де өзгешемін мен
Өйткені жалғызбын әлемде, жалғыз.

Мындаған ұлт, халық, еркін өсуде,
Жұлдыздар телінді не түрлі есімге.
Басқа ақын жоқ сірә жердің бетінде,
Өйткені жалғызбын әлемде, жалғыз.

Әр сөзім құдриет, жақұт һәм көктем,
Табаным тиген жер бақытқа жеткен.
Көз отым найзағай тасып, жарқ еткен.
Өйткені жалғызбын әлемде, жалғыз.

Құдай өзі берсін күшіңе - күшін,
Әділ һәм оң етсін ісіңе үкім.
Мен енді тумаймын түсінемісің
Өйткені жалғызбын, әлемде жалғыз...



Садық шегеші

Садықтың әйелі қиянат қылды...
Шегеші¹ жарлы еді,
Елеусіз, шолақ.
Перзентсіздіктен, арын сиялап тынды,
Айсұлу болғанмен жарының аты.
Айдай сұлу көркем емес-тін бірақ.
Сұлулық некені сақтай алмады.
Оны шайтан жолдан ұрды.
Құдай ұрды Садықты².
Өзіне сыймады, ұйықтай алмады,
Ошақтан жалақтап қызыл жалын да
Келемеждеді, қағытты.
Құманда ойнақшып су да қайнаған,
Қарқылдап күлді үстінен.
- Құры!.. – деді Айсұлуға жәй ғана,
Айсұлу үнсіз ғана тұрды өксімен.
Садықтық³ танытпай жар тіпті тіреу,
Түнде жоқ боп шықты Садықтың өзі.
Сандырақтап жүрген байғұсты біреу,
Терең арық жақта шалыпты көзі.
Бір жыл өтті, екі, үш, бес жыл,
Айсұлуды жын шалды,
Шұбар жайлады.
Шаштары жайылған супері кескін,
Тереңарық бойында отырады-мыс.
Қолында шегешінің құрал-сайманы,
Қолында Садығының құрал-сайманы:
Садағы, ілмекбізі, желім кеппеген.
«Шықшы, бегім, көңіліңізді желімдеп берем,
Жаныңды, берші, бегім желімдеп берем...

1 Шегеші – ескі парсылардың сынған шыны ыдыстарын желімдеуші ұста. Жоғалып бара жатқан өнер.

2 Садық – шегеші ұстаның есімі

3 Садықтық – некеге адалдық деген мағынада.

Фарида Афруздан.

* * *

Түн..
Жаңбыр..
Сиқырлы ертегі..
Шегірткелер шебер күйшідей
Күйін шертеді...

Түн..
Жаңбыр..
Сиқырлы ертегі..
Ыстық құшақ..
Оттай сүйісу,
Жанымды өртеді...

Түн..
Жаңбыр..
Сиқырлы ертегі..
Асау жүрек неткен ерке еді,
Тасыған қан, тамырға сыймай
Ұзын қылды келтені...

Таң..
Күн шықты..
Сиқыр - сөзге ұласты..
Жаңбыр тынды, басылды құмар,
Тоқтап қалған уақыт еріншек,
Көздерін ашты...



Сағынып...

Сағынып келесің, сен күліп,
Кетесің сағынып...
Жолыңа күн кешем телміріп,
Тағы үміт...

Хаттан да сағыныш от өрдің,
Жауапқа өртендің, бар ма айып?
Жолыңа қараумен өтермін,
Сарғайып...

Сағынып, бал мұңға малынып,
Көзіме телмірдің тағы нық...
Сен - маған, мен - саған жете алмай,
Қамығып өтерміз, зарығып –
САҒЫНЫП...



Бүгін мен шырайлы болуым керек,
 Бәрінен сұлу һәм бәрінен көркем.
 Құдайым, бір күнге жылуың керек,
 Бақыт келеді алғаш жанымен ерке -
 Мен бүгін оны көремін.

Әтіргүл көйлегін сыйлашы маған,
 Ерке жел шашымды жайғызам деме.
 Құдайым бір күнге қимасыңды алам,
 Ай нұрын қызғанба, айжүзімменен -
 Мен бүгін оны көремін.

Жүректе сағыныш, жаным күн бе еді?
 Құстар, шуламаңдар ақылың артық.
 Құдайым бір күнге жалын қыл мені,
 Кеудеме сүйенсін, аптығын сарқып -
 Мен бүгін оны көремін.

Сырыңды аш өмірім, бәрі өткінші,
 Сарқырап тасы-ей, сезім дәриясы.
 Құдайым бір күнге дәруіш қылшы,
 Жайнасын дүние – көзім жайнашы -
 Мен бүгін оны көремін.

О, сезім – мен сені кешуге дайын,
 Дерт біткен ұшыңдар тәнімнен аулақ.
 Құдайым бір күнге есімнен айыр,
 Бір күн өртенейін, жаныммен лаулап -
 Мен бүгін оны көремін.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
I бөлім «Мен...»	6
«Мен білмеймін, кім дейтінін мендейді»	7
Поэзия	8
Көшірме жасаушы келіншек	9
Арқадан кетерде	10
«Қара басын қамшылап»	12
Қожайын	13
«Көзімнен менің мұң көріп едің»	14
«Кейбіреудің түсіне де кірмеген»	15
«Жарық дүние»	16
«Сағынтпай-ақ келген едім қасыңа»	17
47-Автобус	18
Мен...	20
Сауға	22
Соңғы	23
«Қара түн»	24
Өмір	25
Тылсым	26
Досқа	27
Алматы	28
«Асау ойлар босап кетіп көгеннен»	29
Жарлық	31
Ақын	32
Жиырма бес	34
Қас-қабак	35
Тоғызыншы қабат	37
Жарық	38
Сыйлық	39
«Өрт ғасыр тұрса бұрқанып алдан»	40
Ұқсастық	41
«Көңіл құрғырдың сағымнан бақ жасағаны»	43
«Хас батырды өлтіру – қан майданнан аулақтау»	44

Биіктік	45
«Кей-кейде»	46
Ұлыма	47
Кәлимә	48
Ерқанатқа	49
Түнгі аялдама	50
«Көзіңнің қанып құмары»	51
Жапырақтар өлмейді	52
II Бөлім «Таскөпір»	53
Ләззат	54
Қара қыз	55
Күз, үміт...	56
«Күміс күн батысқа еңкейіп»	57
«Тәрк етіп бойымның тулаған тамырын»	58
Сен туған күн	59
Күз қалқа	60
«Тамағыңа тығылып бұла демін»	61
Мезгілсіз жауған қар	63
Метродағы ару	64
«Мөп-мөлдір мұңыма тұншығып»	65
Жанар	67
Сурет	68
А-ға	69
Көсеу	70
Таскөпір	71
Туған жер	75
Сүткөңже	76
Қуатқа	79
Жидегүл	81
Төлегенше	83
Ұлы шығарма	84
Тұшпарахана	85
«Бұл өмірде көсілу бар, толқу бар»	87
Көпір	89

Баз кешу	90
Құмдауыт	91
«Қойнынан көктем із кетпес»	93
Қоңыр әулие, үш тілек	94
Қаңтардағы балмұздақ	95
Қашқын	96
Цирк жарнамасы	97
«Бір жүрсек, арманым – өзен»	98
«Дес бермей дүрсін дауылға кілең»	99
Айтуға болмайтын түс	101
ІІІ бөлім. «Сені көрмесем, болмас».	
Аудармалар	103
Мұса Жәлелден «Күнім келді бақшадан»	104
Зульфиядан, Өткен өмірімді.	105
Қайда сол шаттығым	106
Мухаммад Юсуфтан. Н-ға.	107
Махаббат – сен сұлусың	109
Иқбол Мирзодан	
Сені бүгін көрмесем болмас	110
Жалғыз	111
Садық шегеші	112
Фарида Афруздан. «Түн...»	113
Сағынып...	114
«Бүгін мен шырайлы болуым керек»	115

Жазба қалдырыңыз.

Жәлел Қуандықұлы
ҚҰМДАУЫТ

ART дизайнері: Ерғанат Кеңесбекұлы
Корректоры: Жанболат Баймұрынов



Шалқар Жәлел Қуандықұлы – 1986 жылы 10 қаңтарда Қарақалпақстан автономиялық республикасы, Беруний ауданы, Алғабас өлкесінде дүниеге келген. Өлеңдері бірнеше ұжымдық жинақтарға енді. Республикалық мерзімді баспасөз беттерінде ұдайы жарияланып тұрады. Халық қаһарманы Ж.Тәшенов атындағы «Жылдың үздік ақыны» сыйлығының иегері.

Жыр кітәбі

